

"Орталық Құс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 11 қазандағы № 38/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 қазанда № 3994 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 45/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 23.11.2016 № 45/01 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес, Абай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 06 қазандағы № 07-1-1-33/251 ұсынысы негізінде Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Құстар арасынан сальмонеллез ауруының анықталуына байланысты, Абай ауданының Құрма ауылындағы "Орталық Құс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін:

2. Ветеринариялық-санитариялық, сауықтыру және шектеу іс-шаралары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды салаға басшылық ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

Абай ауданының әкімі

Шайдаров С.